

Дербес деректерді өңдеу саясаты

1. Терминдер, анықтамалар мен қысқартылған сөздер

«Саясат» - осы Дербес деректерді өңдеу жөніндегі саясат;

«Дербес деректер» - белгілі бір немесе өздерінің негізінде анықталатын дербес деректер субъектісіне қатысты болып келетін, электронды, қағаз және (немесе) өзге материалдық тасымалдағышта тіркелген мәліметтер;

«Ақпарат» - өздерінің ұсынылу нысанына байланыссыз мәліметтер (хабарламалар, деректер);

«Құжаттандырылған ақпарат» - материалдық тасымалдауышта осындай ақпаратты немесе оның материалдық тасымалдаушысын анықтауға мүмкіндік беретін құжаттандыру түрінде тіркелген ақпарат;

«Компания», «Компаниялар тобы», «Дербес деректердің операторы» - өз бетінше немесе өзге тұлғалармен бірлесе отырып дербес деректерді өңдеу жұмысын ұйымдастыратын және (немесе) жүзеге асыратын, сондай-ақ дербес деректерді өңдеудің мақсатын, өңдеуге жататын дербес деректердің құрамын, дербес деректермен орындалатын іс-қимылдарды (операцияларды) анықтайтын «Ферронордик Қазақстан» ЖШС (БСН 181240002695), «Ферронордик Торговый Дом Қазақстан» ЖШС (БСН 200240010065);

«Дербес деректерді өңдеу» - дербес деректерді жинауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, қолдануға, таратуға, тұлғасыздандыруға, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-қимылдар;

«Дербес деректерді автоматтандырылған түрде өңдеу» - дербес деректерді есептеу техникасы құралдарының көмегімен өңдеу;

«Дербес деректерді тарату» - өздерінің нәтижесінде дербес деректер сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылып отыратын іс-қимылдар немесе дербес деректерге өзге қандай да бір әдіспен қатынау мүмкіндігін ұсыну;

«Дербес деректерді ұсыну» - дербес деректерді белгілі бір тұлғаға немесе тұлғалардың белгілі бір тобына жария етуге арналған іс-қимылдар;

«Дербес деректерді бұғаттау» - дербес деректерді жинақтауды, жинауды, өзгертуді, толықтыруды, қолдануды, таратуды, тұлғасыздандыру мен жоюды уақытша тоқтатуға арналған іс-қимылдар;

«Дербес деректерді жою» - өздерінің нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын іс-қимылдар;

«Дербес деректерді тұлғасыздандыру» - өздерінің нәтижесінде дербес деректердің дербес деректердің субъектісіне тиесілігін анықтау мүмкін болмайтын іс-қимылдар;

«Дербес деректердің ақпараттық жүйесі» - дерекқорлардағы дербес деректердің және олардың өңделуін қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялардың жиынтығы;

«Дербес деректерді трансшекаралық тарату» - дербес деректерді шетел мемлекеттерінің аумағына тарату.

«Жеке тұлға», «Дербес деректердің субъектісі» - Компаниямен арадағы мәміледе тарап болып табылатын жеке тұлға (ЖТ) немесе жеке кәсіпкер (ЖК), сондай-ақ Компаниямен арадағы мәміледе тарап болып табылмайтын, алайда түпкілікті сатып алушылар және/немесе пайдаланушылар (мысалы, лизингілік мәмілелерде лизинг алушылар) ретінде шығып отырған тұлғалар, бос лауазымға ізденушілер/үміткерлер, Компанияның қызметкерлері, қызметкерлердің туыстары, Компанияға келушілер, контрагенттердің, әлеуетті клиенттердің өкілдері.

2. Саясаттың мақсаты

Осы Саясаттың (бұдан әрі – «Саясат») мақсаты Дербес деректер субъектілерінің құқықтары мен заңды мүддесін қорғау, Компанияның дербес деректер туралы заңнама талаптарын орндау.

3. Жалпы қағидалар

Осы саясат Қазақстан Республикасы Конституциясының, ҚР 21.05.2013 ж. № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңының, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына, Компанияның ішкі актілеріне, сондай-ақ Дербес деректерді өңдеудің жағдайлары мен ерекшеліктерін белгілейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сүйенеді, және Компаниялар тобымен өңделетін Дербес деректердің барлығына қатысты күшінде болады. Саясаттың күші осы Саясаттың күшіне енуіне дейін және одан кейін алынған дербес деректерге тарайды.

Дербес деректер қолжетімділігіне қарай жалпыға қолжетімді және өздеріне қатынау шектелген деректер деп бөлінеді.

Жалпыға қолжетімді дербес деректерге өздеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпиялылықты ұстану талаптарының күші тарамайтын, өздеріне субъектінің келісім беруімен емін-еркін қатынап отыруға болатын дербес деректер немесе мәліметтер жатады.

Өздеріне қатынау шектелген дербес деректерге өздеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатынау шектелген дербес деректер жатады.

Дербес деректер жее түрде немесе өздерін өңдеу тәртібі салалық заңдармен, атап айтқанда коммерциялық құпия (коммерциялық құпия) туралы, банкілер (банкілік құпия) туралы, мұрағаттық іс туралы және басқа да заңдармен (бұдан әрі салалық заңнамамен) белгіленетін құпия сипаттағы өзге ақпараттың құрамында өңделіп отыруы мүмкін.

Дербес деректерді сақтауды, есепке алу мен пайдалануды ұйымдастыру ҚР 21.05.2013 ж. № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР 21.05.2013 ж. № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңының 3-бабының 3-тарм. сәйкес төмендегі жағдайлар кезінде яғни

1) субъектілер дербес деректерді тек қана өзінің жеке мақсаты үшін және отбасының қажетіне арнап жинап, өңдеп және қорғаған жағдайда, егер бұл жағдайда басқа жеке және (немесе) заңды тұлғалардың құқықтары мен Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын бұзылмайтын болса;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаттық қоры мен мұрағаттары туралы заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаттық қорының құжаттарын және дербес деректерді қамтыған өзге мұрағаттық құжаттарды қалыптастырып, сақтап және қолданған жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» заңына сәйкес, мемлекеттік құпияларға жатқызылған дербес деректерді жинап, өңдеп және қорғаған жағдайда;

4) барлу, контрбарлау, жедел-іздістіру қызметі барысында, сондай-ақ қорғалатын тұлғалар мен нысандардың Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қорғау шараларын жүзеге асырған жағдайда туындап отыратын қарым-қатынастар,

осы Саясатпен реттелмейді.

Дербес деректерді сақтау мерзімі Дербес деректерді өңдеу мақсатына негізделумен, Дербес деректер субъектісімен жасасқан келісімшарттың күшін сақтау мерзіміне, Компания Дербес деректерді өздерінің тапсырмасы бойынша өңдеп отырған Дербес деректер операторларының талаптарына сәйкес, талап қою мерзімімен белгіленеді.

Осы Саясат субъектілердің Дербес деректерін өңдеумен байланысты процестердің барлығына арнап әзірленген және оның барлығына күші тарайды және Дербес деректерді өзінің лауазымдық міндеттеріне орай өңдеп отырған қызметкерлердің барлығының оларды қолдануы шарт болып табылады.

Осы Саясатпен реттелмеген жағдайлардың барлығында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сүйеніп отыру қажет.

4. Дербес деректерді өңдеудің негіздемелері

Компания Дербес деректердің операторы болып табылады, өз бетінше немесе басқа тұлғалармен бірлескен түрде Дербес деректерді өңдеуді ұйымдастырып және (немесе) жүзеге асырады, сондай-ақ Дербес деректерді өңдеудің мақсатын, өңдеуге жататын Дербес деректердің құрамын, Дербес деректермен орындалатын іс-қимылдарды (операцияларды) белгілейді.

Компания келесі тұлғалардың Дербес деректерін өңдейді:

- төмендегі мақсатпен Компанияның бос лауазымына ізденушілерді/үміткерлерді:
 - o жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту, олармен еңбек шартын жасасу мүмкіндігін қарастыру мақсатында;
 - o ізденушінің кандидатурасын Компания ізденушілерінің деректер қорына енгізу;
- Компания қызметкерлерін төмендегі мақсаттарда:
 - o Қазақстан Республикасының медициналық, зейнетақылық сақтандыру, салықтық заңнама, еңбек қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық, экологиялық қауіпсіздік, әскери есепке алу саласындағы заңнамасының міндетті сипаттағы талаптарын ұстану;
 - o қызметкер мен Компанияның өзара жасасқан еңбек шартымен көзделген анықтамалық қолдауды қамтамасыз ету, оқыту және қызмет бабымен жоғарылату, жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жалақыны, өзге сыйақыларды есептеу, салықтар мен салықтық жарналарды есептеу және аудару, қызметкермен орындалатын жұмыстың саны мен сапасын бақылау және Компания мүлігінің сақталуын қамтамасыз ету сияқты міндеттерді орындау;
 - o ерікті сақтандыру;
 - o қызметкердің кандидатурасын Компанияның кадрлық резервіне енгізу;
 - o Компанияның қызметін жүзеге асырумен байланысты өзге мақсаттар;

- Компания қызметкерлерінің туыстарын төмендегі мақсаттармен енгізу:
 - o қызметкерлерге баласы бар (бала асырап алған) тұлғаларға, отбасылық міндеттемелері бар тұлғаларға арналған заңнамамен көзделген жеңілдіктер мен кепілдіктерді ұсыну;
 - o мемлекеттік статистикалық есепке алу органдарының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындау;
 - o қызметкерлердің туыстарын өндірістегі жазатайым оқиға туралы хабардар ету (ҚР Еңбек кодексінің 187-бабы);
 - o ҚР Еңбек кодексінің талаптарын орындау.
- Компанияға келушілерді төмендегі мақсаттармен енгізу:
 - o қызметкерлер мен келушілердің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 - o Компанияның аумағына өткізу режимін ұйымдастыру.
- Компанияның Клиенттері мен контрагенттерін төмендегі мақсаттармен енгізу:
 - o өзінің бір тарабы жеке тұлға немесе жеке кәсіпкер болып табылатын келісімшарт жасасу және оны орындау;
 - o келешектегі әріптестіктің мүмкіндігін қарастыру;
 - o қызмет көрсету және келісімшарттарды орындау.
- Компания клиенттерінің өкілдерін төмендегі мақсаттармен енгізу:
 - o келіссөздер жүргізу;
 - o маркетингтік сапарларға, компанияларға қатысу;
 - o өздері бойынша Компания қызметінің түрлі бағыттары бойынша келісімшарттарды орындау мақсатында қызметкерлердің/клиенттердің өкілдерінің Дербес деректері ұсынылатын келісімшарттарды жасасу және орындау.
- Компанияның әлеуетті клиенттерін төмендегі мақсаттармен енгізу:
 - o келісімшарт жасасудың мүмкіндігін қарастыру.

5. Дербес деректерді алу, өңдеу, сақтау және қорғау

Компания Дербес деректерді алуды жиналып отырған Дербес деректердің құпиялылығы бұзылмайтындай түрде ұйымдастырады.

Дербес деректер субъектісінің оның дербес деректерін өңдеуге жазбаша келісімін алу қажет болатын жағдайлардың тізімі, сондай-ақ келісімді алудың тәртібі мен нысаны ҚР 21.05.2013 ж. № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңының ережелеріне сәйкес осы саясатпен белгіленеді.

Дербес деректер субъектісі әрекетке қабілетсіз болған жағдайда оның Дербес деректерін өңдеуге жазбаша келісім оның заңды өкілінен алынады.

Дербес деректерді өңдеу заңды негізде жүзеге асырылып отыруы тиіс. Дербес деректер оларды өңдеу мақсатына сай болған жағдайда ғана өңделуі тиіс. Дербес деректерді өңдеу нақты, алдын ала белгіленген және заңды мақсаттарға жетумен ғана шектеліп отыруы тиіс. Дербес деректерді жинау мақсатына сай келмейтін Дербес деректерді өңдеуге жол берілмейді. Өңделіп отырған Дербес деректердің мазмұны мен көлемі мәлімделген өңдеу мақсаттарына сай болып отыруы тиіс. Өңделіп отырған Дербес деректер оларды өңдеудің мәлімделген мақсаттарына қатысты артық болмауы тиіс. Өзара үйлеспейтін мақсаттармен өңделіп отырған Дербес деректерді қамтыған дерекқорларын біріктіруге жол берілмейді.

Дербес деректерді өңдеу кезінде Дербес деректердің дәлдігі, олардың жеткілікті мөлшері және өзектілігі қамтамасыз етіліп отыруы тиіс. Компанияға өңделіп отырған Дербес деректердің өзгергені туралы мәліметтерді уақытында беру жауапкершілігі Дербес деректер өздеріне тиесілі болып келетін Субъектілерге жүктеледі.

Дербес деректердің сақталуы, егер заңмен, өзінің тарапына Дербес деректердің субъектісі жататын келісімшартпен сақтаудың өзгеше мерзімі белгіленбесе, Дербес деректерді өңдеу мақсаттары қажет ететін мерзімнен ұзақ болмайтын, дербес деректердің субъектісін анықтауға мүмкіндік беретіндей түрде жүзеге асырылып отыруы тиіс. Өңдеудегі Дербес деректер өңдеу мақсаттарына қол жеткізілгеннен кейін немесе осындай мақсаттарға қол жеткізудің қажеттігі жоғалған жағдайда, егер заңмен өзгеше көзделмесе, жойылуы немесе тұлғасыздандырылуы тиіс.

Дербес деректерді келесі жағдайларда өңдеуге рұқсат етіледі:

- Дербес деректерді өңдеу Дербес деректер субъектісінің өзінің Дербес деректерін өңдеуге келісім беруімен жүзеге асырылады;
- Дербес деректерді өңдеу Қазақстан Республикасының халықаралық келісімшартымен немесе заңмен көзделген мақсаттарға жету үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасымен Компанияға жүктелген функцияларды, уәкілеттіктер мен міндеттерді жүзеге асыру және орындау үшін қажет;
- Дербес деректерді өңдеу Дербес деректер субъектісінің конституциялық, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық сот өндірісіне, арбитраждық соттардағы сот өндірісіне қатысуына байланысты жүзеге асырылады;
- Дербес деректерді өңдеу Қазақстан Республикасының атқару өндірісі туралы заңнамасына сәйкес орындауға жататын сот актісін, өзге органның немесе лауазымды тұлғаның актісін орындау үшін қажет;
- Дербес деректерді өңдеу мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажет;
- Дербес деректерді өңдеу өзінде тараптың бірі ретінде Дербес деректердің субъектісі пайда алушы немесе кепілгер болып табылатын келісімшартты орындау үшін, сондай-ақ Дербес деректер субъектісінің бастамасы бойынша келісімшартты немесе өзінде Дербес деректердің субъектісі пайда алушы немесе кепілгер болып табылатын келісімшартты жасасу үшін қажет;

- Дербес деректерді өңдеу егер Дербес деректер субъектісінің келісімін алу мүмкін болмаса, Дербес деректер субъектісінің өмірін, денсаулығын немесе өзге өмірлік маңызы бар мүддесін қорғау үшін қажет;

- Дербес деректерді өңдеу бұл жағдайда Дербес деректер субъектісінің құқығы мен еркіндігі бұзылмайды деген шартпен Компанияның және/немесе үшінші тұлғалардың құқығы мен заңды мүддесін жүзеге асыру үшін немесе қоғамдық маңызы бар мақсаттарға жету үшін қажет;

- Дербес деректерді өңдеу Дербес деректерді міндетті түрде тұлғасыздандыру шартымен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді нарықта ілгері жылжыту, саяси үгіт-насихат жүргізу мақсаттарын санамағанда, статистикалық немесе өзге зерттеу мақсаттарымен жүзеге асырылады;

- Дербес деректердің субъектісімен немесе оның өтініші бойынша өздеріне қатынау мүмкіндігі тұлғалардың шектеулі санына ұсынылған Дербес деректер өңделіп отырады (Дербес деректердің субъектісімен жалпыға қол жетімді етілген дербес деректер);

- заңға сәйкес жариялауға немесе міндетті түрде жария етуге жататын Дербес деректер өңделіп отырады.

Компанияның ұлттық тиесілігіне, денсаулық жағдайына, отбасылық жағдайына қатысты арнайы санаттағы Дербес деректерді өңдеуіне тек заңнамамен көзделген жағдайларда ғана рұқсат етіледі. Аталған санаттағы Дербес деректердің өңделуі егер заңмен өзгесі белгіленбесе, деректер өздерінің салдарынан өңделіп отырған себептер жойылғаннан кейін дереу түрде тоқтатылуы тиіс.

Компанияның Дербес деректер субъектісінің жеке басын анықтауға арналған Биометриялық Дербес деректерді Компания ҚР 21.05.2013 ж. № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңымен көзделген жағдайларды санамағанда, Дербес деректер субъектісінің жазбаша келісімі болған жағдайда ғана өңделіп отыруы мүмкін.

Дербес деректерді өңдеуді төмендегі тұлғалар жүзеге асырып отыруы мүмкін:

- Компания қызметкерлері;

- Дербес деректерді Компанияның тапсырмасы бойынша өңдеп отыратын өзге тұлғалар.

Дербес деректерді басқа тұлғалардың Компаниямен өзінде Дербес деректерді өңдеуге тапсырма (келісім) берілген тиісті келісімшарт немесе келісім жасасудың негізінде ғана ҚР 21.05.2013 ж. № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңының талаптарына сәйкес өңдеп отыруына болады.

Компания Дербес деректерді автоматтандыру құралдарын қолданумен де, қолданусыз да жүзеге асырып отыруы мүмкін.

Дербес деректерді автоматтандырылған түрде өңдеу осы саясатпен қатаң сәйкестікте жүзеге асырылып отыруы тиіс.

ҚР заңнамасымен көзделген жағдайларды санамағанда, Дербес деректерді тек қана автоматтандырылған түрде өңдеуге негізделіп отырып Дербес деректер субъектісіне

қатысты заңгерлік зардаптарды тудыратын немесе оның құқығы мен заңды мүддесін өзге түрде қозғайтын шешімдерді қабылдап отыруға тыйым салынады.

Дербес деректерді автоматтандырылмаған түрде өңдеу Дербес деректер өзге ақпараттан нақтылап айтқанда оларды Дербес деректердің жекелеген материалдық тасығыштарында, арнайы бөлімдерде немесе нысандардың (бланкілердің) нысандарының жолдарында және өзге бір әдіспен тіркеумен бөлектегіп отыратындай түрде жүзеге асырылып отыруы тиіс.

Дербес деректерді автоматтандыру құралдарын қолданусыз өңдеп отырған тұлғалар (Компания қызметкерлері және Дербес деректерді Компанияның тапсырмасы бойынша өңдеп отырған өзге тұлғалар) олардың Дербес деректерді Компанияның автоматтандыру құралдарын қолданусыз өңдеп отырғаны туралы, өңделіп отырған Дербес деректердің санаты туралы, сондай-ақ осындай өңдеуді жүзеге асырудың атқарушы билік органдарының нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ Компанияның ішкі актілерімен белгіленген ерекшеліктері мен ережелері туралы хабардар етілуі тиіс.

Дербес деректерді өздеріндегі ақпараттың сипаты өздеріне Дербес деректердің енгізілуін көздейтін немесе соған жол беретін құжаттардың үлгілік нысандарын (бұдан әрі үлгілік нысан) қолдануды көздейтін автоматтандырылмаған түрде өңдеу кезінде келесі шарттарды орындап отыру қажет:

а) үлгілік нысан немесе онымен байланысты құжаттарда (оны толтыру жөніндегі нұсқаулық, карточкалар, тізілімдер мен журналдар) төмендегідей мәліметтер берілуі тиіс:

- автоматтандыру құралдарын қолданусыз өңделіп отырған Дербес деректерді өңдеу мақсаты туралы мәліметтер;
- Компанияның деректемелері (атауы мен мекенжайы);
- Дербес деректер субъектісінің тегі, есімі, әкесінің есімі және мекенжайы;
- Дербес деректердің қай жерден алынғаны, оларды өңдеу мерзімі;
- Дербес деректерді өңдеу барысында олармен орындалатын іс-қимылдар тізімі;
- оператордың қолданып отырған Дербес деректерді өңдеу әдістерінің жалпы сипаттамасы;

б) үлгілік нысанда өзінде Дербес деректерді өңдеуге жазбаша келісім қажет болған жағдайда Дербес деректердің Субъектісі Дербес деректерді автоматтандыру құралдарын қолданусыз өңдеуге келісім беретіні туралы белгі қоятын жолдың болуы ескерілуі тиіс;

с) үлгілік нысан құжатта көрсетілген Дербес деректер Субъектілерінің әрқайсысы құжатта берілген өзінің дербес деректерімен танысып шығуға мүмкіндігі болатындай етіп, Дербес деректер Субъектісінің құқығы мен заңды мүддесі бұзылмайтындай түрде құрастырылуы тиіс;

д) үлгілік нысан өздерін өңдеу мақсаттары бір-біріне сай келмейтін Дербес деректерді енгізуге арналған жолдардың бірігуіне жол бермеуі тиіс.

Дербес деректерді материалдық тасығыштарда сақтаған жағдайда өздерін өңдеу мақсаттары бір-біріне сай келмейтін Дербес деректерді бір материалдық тасығышта сақтауға жол берілмейді. Өртүрлі санаттағы Дербес деректерді автоматтандыру құралдарын қолданусыз өндеген жағдайда Дербес деректердің әр санатына арнап жеке материалдық тасығышты қолданып отыру керек.

Компания төмендегілерді жүзеге асырады:

- Дербес деректерді өңдеу және қорғау мәселелері бойынша ішкі актілерді әзірлеу және бекіту;
- Дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша құқықтық, ұйымдастыру және техникалық шараларын қолдану:
 - Дербес деректерді Дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде өңдеу кезінде олардың қауіпсіздігіне төніп тұрған қауіпті анықтау;
 - Дербес деректерді Дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде өңдеу кезінде өздерінің орындалуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген Дербес деректердің қорғалу деңгейлерін қамтамасыз ететін Дербес деректерді қорғауға қатысты талаптардың орындалуы үшін қажет болатын олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыру және техникалық шараларын қабылдау;
 - ақпаратты қорғау құралдарын қолдану;
 - Дербес деректердің материалдық тасығыштарының есебін жүргізу;
 - Дербес деректерге рұқсат етілмеген түрде қатынау фактілерін анықтау және алдағы уақытта мұндай тосын жағдайларды болдырмау шараларын қабылдау;
 - өздеріне рұқсат етілмеген түрде қатынаудың салдарынан өзгертілген немесе жойылған Дербес деректерді қалпына келтіру;
 - Дербес деректердің ақпараттық жүйесінде өңделіп отырған Дербес деректерге қатынау ережелерін белгілеу, сондай-ақ Дербес деректердің ақпараттық жүйесінде Дербес деректермен орындалып отырған барлық іс-қимылдардың тіркелуі мен есепке алынуын қамтамасыз ету;
- Дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қабылданып отырған шараларды және Дербес деректердің ақпараттық жүйелерінің қорғалу деңгейін бақылау;
- Дербес деректердің Субъектілеріне заң талаптары бұзылған жағдайда келтірілуі мүмкін зиянға баға беру, аталған зиянды және Компанияның заңмен көзделген міндеттерін орындауды қамтамасыз етуге арналған қабылдап отырған шараларын сәйкестендіру;
- Дербес деректердің материалдық тасығыштарына рұқсат етілмеген түрде қатынауға жол бермейтін және Дербес деректердің сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларды ұстану;
- Дербес деректерді тікелей өңдеумен айналысатын Компания қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Дербес деректер туралы заңнамасының ережелерімен, сонымен бірге

Дербес деректерді қорғау талаптарымен, Дербес деректерді өңдеу және қорғау мәселелері жөніндегі ішкі актілермен таныстыру.

6. Дербес деректердің Субъектілері мен Компанияның Дербес деректерді өңдеуге қатысты құқықтары мен міндеттері

Дербес деректердің Субъектісі өзінің Дербес деректерін ұсыну туралы шешім қабылдайды және оларды өңдеуге келісімін еркін түрде, өз жігерімен және өзінің мүддесі үшін береді. Дербес деректерді өңдеуге келісімді Дербес деректердің субъектісі немесе оның өкілі егер заңмен өзгеше белгіленбесе, оның алыну фактісін растауға мүмкіндік беретін кез келген нысанда ұсынады.

Дербес деректер субъектісінің құқықтары:

- Компаниядан төмендегі мәліметтерді алып отыру:
 - o Дербес деректердің өңделу фактісінің растауын және тиісті Дербес деректердің субъектісіне қатысты болып келетін Дербес деректердің болуы туралы растауды;
 - o Дербес деректерді өңдеудің құқықтық негіздері мен мақсаттары туралы мәліметтер;
 - o Компанияның қолданып отырған Дербес деректерді өңдеу әдістері туралы мәліметтерді;
 - o Компанияның атауы мен орналасқан жері туралы мәліметтер;
 - o Дербес деректерге қатынауға рұқсаты бар немесе өздеріне Дербес деректер Компаниямен келісімшарттың негізінде немесе заң негізінде жария етілуі мүмкін тұлғалар (Компания қызметкерлерін санамағанда) туралы мәліметтер;
 - o Дербес деректердің субъектісіне қатысты болып келетін өңделіп отырған Дербес деректердің тізімін және олардың қайдан алынғаны туралы ақпаратты, егер мұндай Дербес деректерді ұсынудың өзгеше тәртібі белгіленбесе;
 - o Дербес деректерді өңдеу мерзімі туралы, сонымен бірге оларды сақтау мерзімі туралы мәліметтерді;
 - o Дербес деректер субъектісінің заңмен ескерілген құқықтарын жүзеге асыру тәртібі туралы мәліметтер;
 - o Компанияның тапсыруы бойынша Дербес деректерді өндеп отырған тұлғаның атауы мен мекенжайы;
 - o Қазақстан Республикасының заңымен немесе өзге нормативтік-құқықтық актілерімен көзделген өзге мәліметтерді;
- егер Дербес деректер толық болмай, ескіріп, қате көрсетіліп, заңсыз түрде алынып немесе мәлімделген өңдеу мақсаты үшін қажет болмаса, Компаниядан өзінің Дербес деректерін нақтылап көрсетуді, оларды бұғаттауды немесе жоюды талап ету;
- Дербес деректерді өңдеуге берілген келісімінің күшін жою;

- Компанияның өзінің Дербес деректеріне қатысты заңсыз іс-қимылдарын жоюды талап ету;
- егер Дербес деректердің субъектісінің пікірінше Компания оның Дербес деректерін заң талаптарын бұзумен өңдеп отырса немесе оның құқығы мен еркіндігін өзге түрде бұзып отырған болса, Компанияның іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне қатысты сот тәртібімен шаымдануға;
- өзінің құқығы мен заңды мүддесін қорғау, сонымен бірге сот тәртібімен залалдың өтемін және/немесе моральдік зиянның өтемақысын алу.

Компания Дербес деректерді өңдеу барысында келесі іс-қимылдарды орындауға міндетті:

- Дербес деректердің субъектісіне оның өтініші бойынша 21.05.2013 ж. № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңымен ескерілген ақпаратты заңда белгіленген шектеулерді ескерумен ұсыну;
- Дербес деректердің субъектісіне, егер Дербес деректерді ұсыну заңға сәйкес шарт болып табылса, Дербес деректерді ұсынадан бас тартудың заңды зардаптарын түсіндіріп беру;
- Дербес деректерді оларға заңсыз немесе кездейсоқ түрде қатынаудан, оларды жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшірмелеуден, ұсынадан, таратудан, сондай-ақ өзге заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастыру және техникалық шараларды қабылдау немесе олардың қабылдануын қамтамасыз ету;
- Компанияның Дербес деректерді өңдеуге қатысты саясатын белгілейтін құжатты, Дербес деректерді қорғауға қатысты жүзеге асырылып отырған талаптар туралы мәліметтерді Интернет желісінде жариялау және оларға Интернет желісін пайдаланумен шексіз түрде қатынауды қамтамасыз ету;
- Дербес деректердің субъектілеріне және/немесе олардың өкілдеріне олар тиісті сұратумен жүгінген жағдайда мұндай сұратуды алған күннен бастап 30 күн ішінде Дербес деректермен тегін танысу мүмкіндігін ұсыну;
- Дербес деректердің заңсыз түрде өңделіп отырғаны анықталған жағдайда Дербес деректердің субъектісі немесе оның өкілі жүгінген жағдайда немесе Дербес деректер субъектісінің немесе оның өкілінің немесе Дербес деректер субъектісінің құқығын қорғау жөніндегі уәкілетті органның сұратуы бойынша Дербес деректердің субъектісіне қатысты болып келетін заңсыз түрде өңделіп отырған Дербес деректерді жүгінген немесе сұрату келіп түскен сәттен бастап тексеру кезеңі бойы бұғаттау немесе олардың бұғатталуын қамтамасыз ету (егер Дербес деректерді Компанияның тапсыруы бойынша әрекет етіп отырған өзге тұлға өңдеп отырған болса);
- Дербес деректердің субъектісі немесе оның өкілі ұсынған мәліметтердің негізінде Дербес деректердің дұрыс болмау фактісі расталған жағдайда мәліметтер ұсынылған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде Дербес деректерді түзетіп немесе олардың түзетілуін қамтамасыз ету (егер Дербес деректерді Компанияның тапсыруы бойынша әрекет етіп отырған өзге тұлға өңдеп отырған болса) және Дербес деректерді бұғаттан шешу;
- Компанияның немесе Компаниямен жасасқан келісімшарттың негізінде әрекет етіп отырған тұлғаның Дербес деректерді заңсыз түрде өңдеп отырғаны анықталған жағдайда

осы жағдай анықталған күннен бастап 3 жұмыс күнінен асырмай Дербес деректердің заңсыз өңделуін тоқтату немесе Компанияның тапсырмасы бойынша әрекет етіп отырған тұлғаның Дербес деректерді заңсыз өңдеуін тоқтатуды қамтамасыз ету;

- Дербес деректерді өңдеу мақсатына қол жеткізілген жағдайда, егер өзінің тарабы яғни пайда алушы немесе кепілгер ретінде Дербес деректердің субъектісі шығып отырған келісімшартпен өзгесі көзделмесе, Дербес деректерді өңдеу мақсатына қол жеткізілген күннен бастап 30 күннен аспайтын мерзімде Дербес деректердің өңделуін тоқтату немесе олардың тоқтатылуын қамтамасыз ету (егер Дербес деректерді Компанияның тапсыруы бойынша әрекет етіп отырған өзге тұлға өңдеп отырған болса) және Дербес деректерді жою немесе олардың жойылуын қамтамасыз ету (егер Дербес деректерді Компанияның тапсыруы бойынша әрекет етіп отырған өзге тұлға өңдеп отырған болса);

- егер Компания Дербес деректерді без согласия Дербес деректер субъектісінің келісімін алмай өңдеп отырған болса, Дербес деректердің субъектісі Дербес деректерді өңдеуге келісімінің күшін жойған жағдайда Дербес деректердің өңделуін тоқтату немесе оның тоқтатылуын қамтамасыз етіп және олардың жойылуын қамтамасыз ету.

7. Дербес деректерді Компания қызметкерлерінің өңдеуі

Қызметкерлердің Дербес деректері туралы мәліметтер құпия (Компанияның заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын) мәліметтердің қатарына жатады. Компания қызметкерді ресімдеу кезінде оның жеке ісін құрастырады, онда қызметкердің құжаттандырылған ақпарат түріндегі төмендегідей деректері көрсетіліп отырады:

- жалпы мәліметтер (аты-жөні, туған күні, туған жері, азаматтығы, білімі, мамандығы, жұмыс өтілі, некедегі жағдайы, төлқұжаттық деректемелер);
- әскери есепке тіркелуі туралы мәліметтер;
- жұмысқа қабылдануы туралы деректер;
- аттестаттау туралы деректер;
- біліктілігін арттыру туралы мәліметтер;
- кәсіби қайта даярлану туралы мәліметтер;
- марапаттаулар (көтермелеу), құрметті атақтар туралы мәліметтер;
- еңбек демалысы туралы мәліметтер;
- әлеуметтік кепілдіктер туралы мәліметтер;
- тұрғылықты жері мен байланыс телефондары туралы мәліметтер;
- ҚР заңнамасына сәйкес өзге мәліметтер.

Қызметкерлердің Дербес деректерін қорғау мақсатында, сондай-ақ қызметкерлердің дербес деректеріне рұқсат етілмеген түрде қатынауға жол бермеу үшін Компания ҚР

Еңбек кодексінің тарауына, сондай-ақ ҚР заңнамасының өзге де нормаларына сүйеніп отырады.

8. Компанияның Интернет желісін қолданумен жинайтын Дербес деректерді өңдеу мен қорғаудың ерекшеліктері

Компания www.ferronordic.com сайтының пайдаланушыларынан, сондай-ақ Компанияның [@ferronordic.com](mailto:info@ferronordic.com) деп аяқталатын корпоративтік поштасының мекенжайларына түсіп отырған Дербес деректерді өңдеп және қорғап отырады.

Дербес деректердің Субъектілері Дербес деректерді (сонымен бірге есімін, электронды пошта мекенжайын, телефон нөмірін, мекенжайын және т.б.) сайтта тиісті нысандарды толтыру арқылы және Компанияның корпоративтік мекенжайларына электронды хаттарды жіберу арқылы ұсынады.

Компания ұсынылған Дербес деректерді, егер Қазақстан Республикасының Дербес деректер саласындағы заңнама талаптарына сәйкес Дербес деректер субъектісінің келісім беруі қажет болса, олардың келісім беруімен оларды жинау бойынша мәлімделген мақсаттарға сәйкес пайдаланып отыруға құқылы. Алынған Дербес деректер жалпылама және тұлғасыздандырылған түрінде Компанияның жүзеге асыратын қызметтерінің қажетсінулерін жақсырақ түсіну үшін және қызмет көрсетудің сапасын жақсарту үшін коданылып отыруы мүмкін.

Компания Дербес деректерді өңдеу міндетін үшінші тұлғаларға тек Дербес деректер субъектісінің келісім беруімен ғана тапсырып отыра алады. Сондай-ақ деректер үшінші тұлғаларға келесі жағдайларда тапсырылып отыруы мүмкін:

- заңдарға, сот шешімдеріне және т.б. сәйкес, уәкілетті мемлекет органдарының заңды сұратуларына жауап ретінде.
- Деректерді Дербес деректер субъектісінің алдын-ала келісімін алған жағдайларды санамағанда, үшінші тұлғаларға маркетингілік, коммерциялық және өзге соған ұқсас мақсаттармен ұсынуға болмайды.

Сайтта өздерінде сайттың пайдаланушылары үшін пайдалы және қызықты ақпарат орналасқан басқа веб-ресурстарға сілтемелер қамтылған. Бұл жағдайда осы Саясаттың күші осыған ұқсас өзге сайттарға тарамайды. Сілтемелер бойынша басқа сайттарға өтіп отырған пайдаланушыларға сондай сайттарда жайғастырылған Дербес деректерді өңдеу жөніндегі саясаттармен танысып шығуға кеңес беріледі.

Дербес деректердің субъектісі сайт арқылы ұсынылған Дербес деректерді өңдеуге берген келісімінің күшін кез келген уақытта жоя алады, ол үшін келесі электронды пошта мекенжайына электронды хабарлама жібереді: info@ferronordic.com немесе Компанияның мекенжайына жазбаша хабарлама жібереді: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жетысу ауданы, Суйінбай даңғылы, 157/1. Мұндай хабарламаны алғаннан кейін Дербес деректер субъектісінің Дербес деректерін өңдеу ісі тоқтатылады, ал оның Дербес деректері олар заңнамаға сәйкес әр қарай өңделе беретін жағдайларды санамағанда жойылады.

9. Дербес деректерді трансшекаралық тарату

Компания Дербес деректерді Қазақстан Республикасында сақтай отырып, артынан ҚР заңнамасына, өзінің аумағына Дербес деректер жіберіліп отырған шетел мемлекетінің заңнамасына, сондай-ақ халықаралық нормативтік актілерге сүйене отырып оларды ақпаратты көшірмелеу және трансшекаралық тарату арқылы шетелге жіберуі мүмкін.

10. Дербес деректерді өңдеу мәселелері бойынша түсіндірме алудың тәртібі

Дербес деректердің субъектілері өз Дербес деректерінің өңделу мәселелері бойынша түсіндірмелерді Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жетысу ауданы, Сүйінбай даңғылы, 157/1-үй мекенжайына жазбаша сұрату жіберумен немесе info@ferronordic.com мекенжайына жазбаша сұрату жіберумен алып отыра алады.

11. Жауапкершілік

ҚР Дербес деректер туралы заңнамасының, сондай-ақ осы Саясаттың ережелерін бұзғаны үшін кінәлі болып табылатын Компания және/немесе Компанияның қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жауапкершілікті арқалайды.

Дербес деректердің Субъектісіне оның құқықтарын бұзумен, Дербес деректерді өңдеу ережелерін, сондай-ақ Дербес деректерді қорғауға қатысты талаптарды бұзумен келтірілген моральдік зиян Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтелуі тиіс.

12. Қорытынды ережелер

Саясатты Компанияның барлық қызметкерлері орындауы тиіс.

Осы Саясат Компанияның ішкі нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес қайта қаралуы тиіс.